

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің шекараларында кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тәртібін оңайлату туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 242 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің шекараларында кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тәртібін оңайлату туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің шекараларында кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тәртібін оңайлату туралы келісім жасалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің шекараларында кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тәртібін оңайлату туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық саудадағы жалпыға бірдей нормалар мен ережелерді басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде аумағында тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау жүзеге асырылатын Тарап мемлекетінің кеден заңнамасында айқындалған терминдер қолданылады.

2-бап

Осы Келісім мыналарға қолданылмайды:
үшінші елдердің аумағынан шыққан тауарларға;
кедендік баждар мен салықтар салынатын және/немесе сандық шектеулер мен

экономикалық сипаттағы өзге де тыйымдар мен шектеулер қолданылатын тауарларға; жеке тұлғалар өткізетін және өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметке арналмаған тауарларға, сондай-ақ жеке заттарға.

3-бап

Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың оңайлатылған тәртібі мыналарды қ а м т и д ы :

кедендік бақылаудың Тарап мемлекетінің кеден заңнамасын сақтау үшін жеткілікті және тәуекелдерді басқаруды талдау жүйесіне негізделген нысандарын қолдануды; егер, Тарап мемлекетінің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, тауарларды декларант таңдап алған нысанда декларациялауды.

4-бап

Тараптар кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тәртібін одан әрі оңайлатуға м ы н а д а й ж о л м е н ұ м т ы л а д ы :

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдарымен бірлескен кедендік бақылау жүргізу;

ресми арналар арқылы алдын ала алынған кеден мақсаттары үшін қажетті ақпараттың негізінде кедендік ресімдеу жүргізу;

кеден мақсаттары үшін қажетті сұрау салынатын құжаттардың және/немесе мәліметтердің с а н ы н қ ы с қ а р т у ;

Тараптар мемлекеттерінің шекаралары арқылы өткізу пункттерінде тауарларды кедендік ресімдеу мүмкіндігін беру; қолданылатын кедендік рәсімдерді біріздендіру жөніндегі шаралар қабылдау.

5-бап

Тараптардың кез келгені өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес осы Келісімде белгіленгеннен неғұрлым жеңілдетілген тәртіпті белгілей алады.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе іске асыруға байланысты даулар консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге, оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушысы болып табылатын үшінші елдермен жасалған басқа халықаралық шарттардың ережелерін қозғамайды.

9-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін және 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қосылған үшінші мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Кез келген мемлекет Тараптардың жазбаша келісімімен осы Келісімге қосыла алады.

Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім Депозитарий қосылу құралын алған күнінен бастап күшіне енеді.

10-бап

Осы Келісім Депозитарий оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғандығы туралы соңғы хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Кез келген Тарап Депозитарийге тиісті жазбаша хабарлама жолдай отырып, өзінің осы Келісімге қатысуын тоқтата алады. Мұндай Тарап үшін осы Келісімнің қолданылуы Депозитарий жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап 12 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

Тараптардың бірі осы Келісімнен шыққан жағдайда, егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, оның қолданылуы аталған Тарап осы Келісімнің қолданылу кезеңінде осы Тарап үшін туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді толық реттегенге дейін жалғасады.

200 ____ жылғы " ____ " _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарий болып табылатын Беларусь Республикасының Үкіметінде сақталады.

Депозитарий Тараптардың әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Украина Министрлер

Кабинеті үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК